

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Ертуған Данияр Халилұлы

Қаржы пирамидасын алдын алу мен жолын кесудегі
полицияның рөлі

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға
диссертация

Ғылыми жетекші:
жалпы заң пәндері
кафедрасының профессоры,
А.Ш. Ещанов
заң ғылымдарының докторы,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қаласы. 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл диссертациялық зерттеу қаржы пирамидасы түріндегі құқық бұзушылықтардың алдын алуда ішкі істер органдары, атап айтқанда, полиция қызметінің атқаратын функцияларын кешенді түрде қарастырады. Жұмыс шеңберінде осы бағыттағы алдын алу шараларын реттейтін нормативтік-құқықтық базаларға, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне талдау жасалып, қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану практикасының қазіргі жай-күйі бағаланды. Жинақталған материалдар негізінде қаржы пирамидаларын болдырмауға және оларға қарсы іс-қимылды күшейтуге бағытталған заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы ұсыныстар әзірленді.

РЕЗЮМЕ

Данное диссертационное исследование посвящено комплексному анализу роли органов внутренних дел, в частности полиции, в предупреждении правонарушений, совершаемых по принципу финансовой пирамиды. В рамках работы проведён обзор нормативно-правовой базы, регулирующей профилактические меры в данной сфере, а также изучен зарубежный опыт. Дана оценка современного состояния законодательства и правоприменительной практики. На основе обобщённых материалов разработаны предложения, направленные на совершенствование законодательства и усиление мер по противодействию финансовым пирамидам.

SUMMARY

This dissertation research provides a comprehensive analysis of the role of internal affairs bodies, particularly the police, in preventing offenses committed under the financial pyramid model. The study reviews the regulatory legal framework governing preventive measures in this area and analyzes international experience. It also assesses the current state of legislation and law enforcement practices. Based on the collected data, proposals have been developed to improve legislation and strengthen countermeasures against financial pyramid schemes.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Қаржы пирамидаларының түрлері және негізгі белгілері.....	10
1.2 Қаржы пирамидаларына алдын алуға қатысты отандық заңнамалық реттеу және құқықтық жауапкершілік мәселелері.....	17
1.3 Кейбір шетел тәжірибесінде қаржы пирамидалармен күресу механизмдері мен реттеу практикасы.....	23
2. ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖОЛЫН КЕСУДЕГІ ПОЛИЦИЯНЫҢ РӨЛІ	
2.1 Қаржы пирамидасымен күресте полиция органдарының рөлі.....	46
2.2 Қаржы пирамидасының алдын алу және жолын кесуге қатысты ұсыныстар.....	49
ҚОРЫТЫНДЫ.....	56
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	58
ҚОСЫМША.....	64

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
АК	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда еліміз экономиканың жаңа сапалық деңгейіне өтіп, нарықтық қатынастардың күрделене түсуімен сипатталатын кезеңді бастау алууда. Алайда экономика өсіммен қатар қаржы саласындағы құқық бұзушылықтардың, әсіресе алаяқтықтың күрделі нысандарының, соның ішінде қаржы пирамидаларының таралуы алаңдаушылық тудырады. Қаржы пирамидалары – қылмыстық әрекеттің заманауи, қоғамның даму қарқынына бейімделген түрі ретінде қалыптасып, азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүддесіне елеулі зиян келтіруде.

Осындай қылмыстардың алдын алу мен ашу – құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте қылмыспен күрес алдын алуға бағытталған кешенді және профилактикалық шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Қылмыстың себептері мен шарттарын зерделеу, қоғамдық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру – тиімді шаралардың бірі болып табылады.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, қылмыспен күресте құқық қорғау жүйесі қоғамның даму ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге және жаңа қауіп-қатерлерге бейімделе білуі қажет екендігін көрсетеді. Яғни, қылмысқа қарсы іс-қимыл жүйесі статистикалық емес, динамикалық сипатта дамып отыруы тиіс. Бұл өз кезегінде құқықтық саясат пен қылмыстық-құқықтық шараларды үнемі жетілдіру қажеттілігін туындатады.

Зерттеу барысында қазіргі заманғы қылмыстардың бірі – қаржы пирамидаларына қарсы күресудің құқықтық тетіктері қарастырылады. Бұл мәселенің өзектілігі құқық қорғау практикасының нақты қажеттіліктерінен туындайды және қылмыстың алдын алу саласында жаңа тәсілдер мен ұстанымдарды негіздеуді талап етеді.

Алдын алу шараларын ұсынбас бұрын, ең алдымен қаржы пирамидасына қатысты құқық бұзушылықтардың мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталу қажет. Бұл санаттағы құқық бұзушылықтар өзінің құқықтық табиғаты бойынша классикалық алаяқтық құрамынан анағұрлым күрделірек сипатқа ие. Себебі мұнда алдау мен сенімге қиянат жасаудан бөлек, ұйымдасқан құрылым, жүйелі тарту тетіктері және жалған инвестициялық сипаттағы ұсыныстар арқылы жаппай адастыру элементтері байқалады.

Мұндай күрделі алаяқтық нысандары тек жекелеген тұлғаларға емес, тұтас қоғамға, экономикалық тұрақтылыққа, азаматтардың қаржы жүйесіне деген сеніміне қауіп төндіреді. Сондықтан аталған қылмыстарды зерттеу барысында тек құқықтық нормалармен шектелмей, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық факторларды да ескерген жөн.

Сонымен қатар, қаржы пирамидаларының құрбандары көбіне әлеуметтік және құқықтық тұрғыда осал топтарға жататындықтан, осы азаматтардың мінез-құқықтық ерекшеліктері мен қабылдау деңгейін ескере отырып, оларға бағытталған құқықтық қорғау механизмдерін жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Бұл бағытта қолданыстағы заңнамалық тетіктерді талдау, олардың тиімділігін бағалау және халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, оңтайландыру мәселелері күн тәртібіне шығады.

Осылайша, қаржы пирамидаларына қарсы тиімді алдын алу жүйесін қалыптастыру үшін бұл құқық бұзушылықтың мәнін, оны жасаушылар мен құрбандардың әлеуметтік-психологиялық бейінін зерттеуді қажет етеді. Одан бөлек, қолданыстағы заңнамалық тетіктердің мүмкіндіктері де жан-жақты талдануы тиіс. Осындай кешенді зерттеу негізінде ғана нақты әрі нәтижеге бағытталған алдын алу стратегиясын әзірлеуге болады.

Жоғарыда аталған алғышарттар қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мәселесінің бүгінгі күні ерекше өзектілікке ие екенін айқын көрсетеді. Бұл құқық бұзушылықтың күрделілігі мен оның қоғамға тигізетін теріс әсерін ескере отырып, оны болдырмау мен алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін қалыптастыру — құқықтық саясаттың маңызды бағытына айналуы тиіс.

Сонымен қатар, мұндай алдын алу шараларын әзірлеу және іске асыру барысында Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының ерекшеліктері мен құқықтық мәдениет деңгейі ескерілуі тиіс. Бұл зерттеулер тек қана құқықтық нормаларға сүйеніп ғана қоймай, халықтың құқықтық санасы мен ақпараттық сауаттылық деңгейін де назарға алу қажеттілігін көрсетеді. Тиісінше, қаржы пирамидаларына қарсы тиімді тетіктерді қалыптастыру кешенді әрі бейімделген, ғылыми тұрғыдан негізделген тәсілдерді қажет етеді.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Өткен тәжірибе көрсеткендей, елімізде 2020 жылы орын алған ауқымды қаржы пирамидасына қатысты қылмыстық іс бұл салада қолданылып отырған алдын алу және жолын кесу шараларының жеткіліксіз әрі тиімсіз екенін анық көрсетті. Мұндай құқықбұзушылықтар елімізде алғаш рет орын алып отырған жоқ. Керісінше, олардың тарихи тамыры тереңде жатыр, бұл – қаржы пирамидаларының құқық қорғау органдары тарапынан уақтылы танылып, тиісті құқықтық бағасын алуы қиын екендігін көрсетеді. Тарихи тәжірибе мұндай қылмыстардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне бейімделуге қабілетті екенін дәлелдеп отыр. Қаржы пирамидалары уақыт өте келе әртүрлі формада дамып, жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы өз әрекеттерін жетілдіруде. Сондықтан қазіргі таңда бұл мәселе тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар криминологиялық және әлеуметтік аспектілер тұрғысынан жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Аталған қылмыс құрамының материалдық-құқықтық және процессуалдық табиғаты күрделі. Құқық қорғау органдары қылмыстың дәл қай сәтте аяқталғанын, қандай әрекет пирамида құру болып саналатынын және қай кезде ол басқаруға айналатынын ажыратуда елеулі қиындықтарға тап болуда. Заңда терминологиялық айқындықтың жетіспеушілігі құқық қолдану тәжірибесінде бірыңғайлыққа қол жеткізуге кедергі келтіреді. Бұл құқық бұзушылықты

алаяқтықтан, заңсыз кәсіпкерліктен немесе инвестициялық қызметпен айналысу нормаларынан нақты ажыратуды қиындатады.

Сонымен қатар, қаржы пирамидаларына қатысты құқық бұзушылықтардың субъектілерін анықтау барысында да бірқатар елеулі қиындықтар туындайды. Әсіресе, азаматтардың көп жағдайда тек құрбан ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылықты өз еркімен немесе бейсаналы түрде жалғастырушылар ретінде әрекет ететіні байқалады. Яғни, олар жаңа қатысушыларды тарту арқылы жүйенің жұмыс істеуіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде құқық қорғау органдары үшін субъектіні – кінәлі тұлғаны – анықтауда елеулі проблемалар тудырады.

Одан бөлек, мұндай әрекеттерге тартылған тұлғалардың көбіне экономикалық және құқықтық сауатының төмендігі де назар аударарлық жайт. Осы орайда, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін бе деген заңды әрі күрделі сұрақ туындайды. Бұл мәселе құқық бұзушылықтың субъективтік жағын бағалау тұрғысынан, яғни кінәнің болуы немесе болмауы, оның дәрежесі мен нысаны сияқты аспектілерді терең зерттеуді қажет етеді.

Тиісінше, қаржы пирамидаларының алдын алу бағытында экономикалық және құқықтық сауаттылықты арттыруға негізделген кешенді профилактикалық шаралар жүргізілуі қажет. Сонымен бірге, ашық салық ақпараттарының қолжетімділігі мен жариялылығы азаматтарға өз еріктерімен тиісті мәліметтерді тексеріп, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл екі бағыт бірге қаржы пирамидаларына қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алуда тиімді құрал бола алады.

Қаржы пирамидаларын анықтау барысында құқық қорғау органдарына олардың белгілерін нақты білуі аса маңызды болып табылады. Дегенмен, осы белгілерді дәл және толық анықтау үшін жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі қажет. Ғылыми негізделген зерттеулер құқық қорғау органдарына қылмыстық әрекеттерді уақытында және дұрыс тануға, алдын алу шараларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қаржы пирамидалары туралы ақпараттың ашық түрде насихатталуы, жарнаманың кеңінен таралуы және қоғамдық тұлғалардың оған тікелей немесе жанама қатысуы мемлекеттік органдар тарапынан жеткілікті құқықтық қарсы іс-қимылдың жоқтығын айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жағдай цифрлық кеңістікте тиісті мониторингтің жоқ екенін де байқатады, ол өз кезегінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен анықтауды қиындатады.

Осыған байланысты, қазіргі кезеңдегі құқық қорғау практикасы мен нормативтік-құқықтық реттеуді талдау нәтижелері қаржы пирамидаларына қарсы күрес саласында бірқатар кемшіліктер мен жүйелі олқылықтардың бар екенін айғақтайды.

Зерттеудің мақсаты. Қаржы пирамидаларына қарсы тиімді күрес жүргізуде полиция органдарымен алдын алу және жолын кезу тетіктерін және әдістемелерін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Қаржы пирамидаларының құқықтық және құрылымдық ерекшеліктерін жан-жақты талдау;
- Қаржы пирамидаларының субъектілерін анықтаудағы құқық қорғау органдарының қиындықтары мен проблемаларын зерттеу;
- Қаржы пирамидаларының құрбандарының әлеуметтік-экономикалық және психологиялық ерекшеліктерін талдау;
- Қаржы пирамидаларының алдын алу мақсатында экономикалық және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы профилактикалық шараларды қарастыру;
- Ашық салық ақпараттарын пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу және азаматтардың құқықтық ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету жолдарын ұсыну;
- Қаржы пирамидаларын анықтау және мониторинг жүргізу үшін құқық қорғау органдарына қажетті ғылыми негізделген белгілер мен критерийлерді қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын, құқықтық мәдениетін және халықаралық тәжірибені ескере отырып, қаржы пирамидаларына қарсы күресудің кешенді стратегиясын әзірлеу;
- Полиция органдарының қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылындағы қазіргі әдістемелік және құқықтық кемшіліктерді анықтау және оларды жоюға арналған ұсыныстар жасау.

Зерттеу объектісі. Қаржы пирамидасының алдын алу және жолын кесуде полиция органдарының қызметі болып табылады.

Зерттеу тақырыбы. Қаржы пирамидасының алдын алу және жолын кесу тәртібін реттейтін құқық бұзушылық профилактикасы заңы, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік нормалары. Сонымен қатар, шетел мемлекеттерінің тәжірибесі құрайды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Қарастырылып отырған құбылыстарды танудың диалектикалық әдісі болып табылады. Зерттеудің негізі жалпы ғылыми әдістер мен танымның арнайы әдістері: талдау, синтез, ресми – құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи, әлеуметтік-логикалық және басқалар болып табылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Аталған зерттеу жұмысы қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл саласында полиция қызметкерлерінің қазіргі заман талаптарына сай жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндіктерін жан-жақты және кешенді түрде талдауға бағытталған.

Аталған институтты жетілдіру үшін мынадай бағыттар өзекті болып табылады:

- Қаржылық пирамида қылмысы үшін жауапты субъектілер қатарын кеңейту;
- Аталған құқық бұзушылықтың құрбандары болуы мүмкін осал топтарды іріктеу және олармен профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- Қолданыстағы құқық бұзушылық профилактикалық заңын жетілдіруге және оның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін нақты ұсыныстар әзірлеу маңызды.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

1. Қаржылық пирамида түрленін бөлуде авторлық көзқарас:

Алдамшы жобалар түріндегі пирамида– салымшыларды алдау жолымен жасалатын, нақты қызметі жоқ құрылымдар;

Псевдоинвестициялық компаниялар түріндегі пирамида– инвестиция жасауды уәде етіп, бірақ қаражатты басқа мақсатта пайдаланатын ұйымдар;

Стихиялық (өздігінен пайда болатын) пирамидалар – басқарушысы жоқ, көбіне әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастырылатын және қатысушылардың өзара әрекет;

Биржалық пирамидалар (криптовалюта негізіндегі) – цифрлық активтер мен криптовалюталарды пайдалану арқылы жасырын немесе алаяқтық әрекеттермен ұйымдастырылатын жүйелер.

2. ҚК-нің 217-бабының «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету» 2-бөлігіне келесідей мазмұнда толықтыру енгізуді ұсынамыз:

«5. Ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жасалған».

3. Кибер қылмыстарға қарсы Ішкі істер органдарының бөлімінде интернет желісіндегі қаржы пирамидаларымен күресте мониторинг жасауға көмек беретін жасанды интеллект қосылған жүйе қосу. Аталған жүйе сыртқы белгілеріне байланысты болжамды қаржы пирамидаларының тізбесін жасауға бағытталған.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ІІМ Тергеу департаменті Ұйымдастырушылық-әдістемелік басқармасының практикалық жұмысына енгізілді.

1. Қаржы пирамидалары: теориялық, әлеуметтік және құқықтық негіздері

1.1 Қаржы пирамидаларының түрлері және негізгі белгілері

Қаржы пирамидаларының табиғатын жан-жақты түсіну үшін олардың негізгі белгілерін анықтау өте маңызды. Қылмыспен күрес тек оның сыртқы көріністерін танумен шектелмей, сонымен қатар оның мақсатын, даму сатысын және оны қалыптастыратын әлеуметтік, экономикалық, психологиялық факторларды кешенді зерттеуді талап етеді. Бұл тұрғыда қаржы пирамидаларын қарастыру тек қылмыстық құқықтық аспектілермен ғана шектелмей, сонымен қатар олардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, психологиялық негіздерін де ескеру қажет.

Қаржы пирамидалары – бұл қаржылық алаяқтықтың күрделі және қоғамның даму деңгейіне бейімделген, ұйымдасқан және жүйелі сипаттағы нысаны [1]. Олар өз әрекеттерін үнемі заманауи экономикалық жағдайлар мен технологиялық жаңалықтарға бейімдеп отырады, бұл олардың таралуын және қоғамға тигізетін зиянды күшейтеді. Қаржы пирамидаларының кең таралуына ықпал ететін негізгі факторлар қатарында халықтың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі, тез әрі оңай байып кету үміті, экономикалық тұрақсыздық пен дағдарыс жағдайлары, сонымен қатар құқықтық реттеу мен бақылау жүйелеріндегі олқылықтар мен тиімді механизмдердің болмауы бар.

Халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігі – бұл қаржы пирамидаларына тартылатын әлеуетті құрбандардың негізгі себептерінің бірі. Қаржылық білімнің жетіспеушілігі адамдарға ұсынылған инвестициялық жобалардың нақты қауіптілігін бағалауға мүмкіндік бермейді, нәтижесінде олар жалған пайда табу уәделеріне сеніп, пирамиданың құрбанына айналады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларда адамдардың көбісі тұрақты табыс көзін табуда қиындық көріп, қаржылық қиындықтарды шешудің жолдарын іздейді. Бұл оңай байып кету мүмкіндігі туралы ұсыныстарға сенімділікті арттырады.

Құқықтық реттеудегі олқылықтар мен бақылаудың әлсіздігі қаржы пирамидаларының заңсыз қызметін тоқтатудағы негізгі кедергілердің бірі болып табылады. Кейбір жағдайларда заңнаманың терминологиялық нақты болмауы, құқық қорғау органдарының тәжірибесіндегі бірізділіктің жоқтығы және ақпараттық жүйелердің дамымауы пирамидалардың уақытында анықталуына және оларға заңды баға берілуіне кедергі жасайды. Бұл жағдай құқық қорғау саласындағы профилактикалық және құқықтық шаралардың тиімділігін төмендетеді.

Осы факторларды жан-жақты талдау қаржы пирамидаларының таралуына ықпал ететін жағдайларды анықтауға, тәуекел тобындағы әлеуетті құрбандарды нақты бөлуге және олардың мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, алдын

алу шараларын мақсатты түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай кешенді зерттеу құқықтық саясатты жетілдіруге, құқық қорғау органдарының әрекеттерін жүйелеуге және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған кешенді шаралар кешенін қалыптастыруға негіз болады.

Қаржы пирамидаларының түрлеріне қатысты ғалымдардың көзқарастары көбіне ұқсас келеді. Дегенмен, кейбір зерттеушілер оларды даму сатылары ретінде қарастырса, енді біреулері өз алдына жеке түр ретінде таниды.

Мәселен, В. Белішкииі қаржы пирамидаларына жүргізген талдау нәтижесінде, оларды уақыт кезеңі қарай екі бөлу ұсынылады:

«– бірінші кезеңдегі қаржы пирамидалары – инвестициялық жобаларға қаражат тарту түрінде азаматтардың ақшасын жинайды;

– екінші кезеңдегі қаржы пирамидалары – өз қызметін желілік маркетинг ұйымдары, бизнес-клубтар және басқа да құрылымдар ретінде жасырады» [1].

Аталған пікір орынды, өйткені сыртқы белгілері әртүрлі болғанымен, қаржы пирамидаларының жұмыс істеу механизмі негізінен бір схемаға құрылған. Соның бірі «Понци сызбасы».

Понци сызбасы – бұл алаяқтық сипаттағы инвестициялық сызба. Мұнда кейінгі инвесторлардан түскен қаражат бастапқы инвесторларға қолдан жасалған жоғары дивидендтер немесе табыс түрінде төленеді. Мұндай төлемдер бастапқы қатысушылардың үлгісінде жаңа, ірі көлемдегі инвестицияларды тартуға ықпал етеді. Жаңа инвесторлардан түскен ақша бұрынғы инвесторларға қайтарым немесе пайыз төлеу ретінде тікелей беріледі, алайда бұл әрекеттердің артында ешқандай нақты қызмет немесе табыс әкелетін әрекет болмайды – барлығы тек жаңа қаражатты үздіксіз тартуға негізделген [2].

А. Афанасьева өз еңбегінде қаржы пирамидаларын екі тапқа бөлуді ұсынады. Оның пікірінше «Қаржылық пирамида – алдамшы жоба. Кейде мұндай жобалардың негізін қалаушылар қаржылық пирамиданың мәнін мүлде жасырмайды. Соған қарамастан, олар қаржы тарту туралы сенімді түрде айтып, пайда табу механизмін түсіндіреді. Мұндай компаниялардың сайттарында олар қисынды есептеулерді көрсетіп, өз уәждерін келтіреді.

Қаржылық пирамида – инвестициялық компания. Барлық ұйымдастырушылар өздерінің алаяқтық әрекетін ашық мойындай бермейді және құрған ұйымын «қаржылық пирамида» деп атамайды. Көп жағдайда мұндай әрекет «инвестициялық компания» ретінде көрсетіледі. Мұндай инвестициялық жобалар аясында клиенттерге акциялар сатып алу, арзандатылған бағамен жылжымайтын мүлік иелену немесе табысты құрылыс компаниясына не басқа да кірісті салаларға қаржы салу ұсынылады» [3].

И. Петренко, М. Филоненко, В. Попова қаржы пирамидасын ұқсас екі топқа бөліп қарастырады. «Ең кең таралған түрлерінің бірі – клубтық топтар/компаниялар. Мұндай жағдайда клиенттерге қысқа мерзімде жоғары табыс табуға уәде беріледі, алайда бұл үшін әдетте ірі көлемде бастапқы жарна

енгізу талап етіледі. Бұл схеманың басты нысанасы – қаржылық сауаты төмен адамдар болып табылады. Мұндай қаржылық пирамида тек белгілі бір уақыт аралығында ғана жұмыс істей алады, өйткені белгілі бір кезеңде қатысушылардың саны шамадан тыс көбейіп, төлемдерді жүзеге асыру мүмкін болмай қалады, нәтижесінде пирамида күйрейді.

Келесі түрі – жалған инвестициялық компаниялар. Мұндай ұйымдар өз қызметін белгілі бір идеологияға немесе сенімге негіздейді, ал олардың жетекшілері – психологиялық тәсілдерді меңгерген мамандар, яғни аудиторияға белгілі бір идеяларды сенімді түрде жеткізе алатын кәсіби психологтар болып табылады. Бұл компанияларға қатысатын азаматтар өз қаражаттарын белгілі бір мақсаттарға бағыттады деп ойлайды, алайда бұл қаражаттар шын мәнінде тек ұйымдастырушылардың шоттарына түседі» [4].

Аталған көзқарастар құқық бұзушылықтың даму үдерісінде әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторларға кешенді түрде бейімделетіндігін тұжырымдайды.

Мәселен, «МММ» акционерлік қоғамы (АҚ) — Ресей тарихындағы ең ірі әрі резонансты қаржы пирамидаларының бірі болып табылады. Оның негізін қалаушы — Сергей Мавроди. Бұл ұйым көптеген азаматтарға мол пайда табуға уәде беріп, нәтижесінде миллиондаған адамның қаржылық шығынға ұшырауына себеп болды.

Бастапқы кезеңде, 1989 жылдан бастап, «МММ» құрылымы қаржылық және сауда қызметтерімен айналысатын заңды ұйым ретінде тіркелген. Алайда 1994 жылдан бастап оның қызметі түбегейлі өзгеріп, классикалық қаржы пирамидасының барлық белгілерін иелене бастады. Бұл кезеңде ұйымның негізгі бағыты азаматтардан ақша тарту арқылы табыс табу болды. Инвестициялық жобаларға ұқсас жалған уәделер беріліп, жаңа салымшылардың есебінен бұрынғыларына төлем жасалып отырды. Бұл қаржы жүйесі нақты экономикалық қызметке негізделмеген және тек қаржылық айналым арқылы ғана өмір сүрді.

Сарапшылардың бағалауынша, бұл пирамидаға 2 миллионнан 15 миллионға дейін азамат қатысқан. Бұл көрсеткіш жобаның ауқымдылығы мен қоғамға келтірген зардабының қаншалықты терең болғанын аңғартады. «МММ» типіндегі пирамидалар бірінші буын қаржы пирамидаларына жатады, яғни олар азаматтардың қаражатын жалған инвестициялық жобаларға тарту арқылы өз қызметін жүргізеді [5].

«Индиго 24 – Evolution Corporation» ісі – псевдоинвестициялық компаниялар санатына жататын, Қазақстандағы ең ірі қаржы пирамидаларының бірі ретінде қарастыруға болатын нақты мысал. Бұл компания инвестиция, желілік маркетинг және заңды қызмет түрі ретінде бүркемеленіп, іс жүзінде классикалық қаржы пирамидасының барлық белгілерін көрсетті. Жәбірленушілердің айтуынша, бастапқыда олар мұны қаржы пирамидасы деп ойламаған – негізгі тауар биологиялық белсенді қоспаларды (ББК) сатуға

бағытталған маркетинг туралы болған. Жұмыс жасау барысында қатысушыларға тауарлар сертификаттары таныстырылған, лицензиялар көрсетілген және алғыс хаттар берілген. Компания басшыларының танымал Қазақстан ауғанына танымал тұлғалармен, шенеуніктермен және партия өкілдерімен бірге түскен суреттері көрсетілген.

Сәйкесінше, қоғам дамуы барысында әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлардың ықпалымен құқық бұзушылық түрлері үнемі бейімделіп, өзгеріп отырады. Бұл өз кезегінде мұндай құқық бұзушылықтармен күресу жолдарының да заман талабына сай жаңарып, тиімді жұмыс істеуін қажет етеді.

Себебі, өз қызметін желілік маркетинг ұйымдары, бизнес-клубтар немесе өзге де заңды құрылымдар түрінде бүркемелейтін қаржылық пирамидаларды анықтау және олардың жолын кесу құқық қорғау және бақылаушы органдардың тәжірибесінде айтарлықтай қиындықтар тудырады. Мұндай құрылымдар көбіне заңнамадағы олқылықтарды тиімді пайдаланып, заңды кәсіпкерлік қызметтің көрінісі ретінде әрекет етеді, бұл оларды жауапкершілікке тарту үдерісін күрделендіреді.

Бұл жағдайлар қаржылық сауаттылықтың төмендігімен, құқықтық реттеудің әлсіздігін, сондай-ақ экономикалық тұрақсыздық салдарынан халықтың жеңіл жолмен баюға деген үміті секілді факторлардың әсерінен туындағанын көрсетеді.

Одан бөлек, Lubomír Čunderlík зерттеуінде қаржылық пирамиданың өзге түрін анықтайды. Оның пікірінше аталған ерекше түрі — өздігінен, яғни стихиялы түрде пайда болатын пирамида деп аталады. Мұндай жағдайда оны арнайы ұйымдастырған адам болмайды, яғни бұл — алдын ала ойластырылған алаяқтық емес. Оның орнына, адамдардың бірін-бірі қайталауымен (топтасқан мінез-құлық), бір нәрсе расқа айналатындай сеніммен әрекет етуімен (өзін-өзі ақтайтын болжам) пирамида өзінен-өзі құрылады [6].

Аталған қаржы пирамидасының түрі тәжірибеде жиі кездеседі. Мұндай құрылымдар ресми тіркелмеген жеке компаниялар түрінде емес, басқарушысы жоқ, көбіне WhatsApp әлеуметтік желісінде ашылған топтар арқылы жүзеге асады. Бұл топтарда Понци сызбасы негізінде ақша қаражатын бір-біріне аудару арқылы жүзеге асырылады.

Дегенмен, мұндай құқық бұзушылықтардың айқын және нақты белгілерінің қалыптасуы оларды дер кезінде анықтауға, тиісінше құқық бұзушылықпен күрестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Н. Мусакуловтың пікірінше қаржы пирамидасының негізгі белгілері: 1) компанияның лицензия, құжаттардың жоқтығы; 2) дереу көп табыс уәде етуі; 3) табыс басқа адамдарды әкелумен жүзеге асырылуы; 4) басшылары, қаржылық құжаттар туралы ақпарат ашық еместігі; 5) өнімнің жоқтығы; 6) компанияға ақша

қаражатын төлеп орналасу; 7) жиналыстар, семинарлар, әртүрлі сыйлықтар тарату [7].

Ал, Н.А. Калущкаяның көзқарасында аталған құқық бұзушылықтың басты белгілері: 1) ұлттық банкінің (немесе тиісті уәкілетті органның) лицензиясының болмауы; 2) жоғары табыс табуға деген үмітті қалыптастыру; 3) адамдарды жаппай тарту, агрессивті жарнама жүргізу; 4) шаруашылық қызметі туралы ашық ақпарат көздерінің болмауы, құрылтай құжаттары мен шарттарға қол жеткізу мүмкіндігінің шектелуі [8].

Қаржы пирамидаларына тән белгілерге Г. Кайырбекова мыналарды жатқызады: 1) салымдардан жоғары табыс уәде етілуі; 2) болашақ табыстылыққа кепілдік (уәде беру); 3) интернетте, әлеуметтік желілерде, мессенджер арналары мен презентацияларда кең көлемде жарнамалану; 4) компанияның қаржылық есептілігіне қолжетімділіктің болмауы; 5) салымшыларға табыс, пайыз немесе пайда жаңа инвесторлардың ақшасы есебінен төленуі; 6) компанияның өз меншігінде мүлкі жоқ; 7) компанияның рұқсат қағазы немесе лицензиясы жоқ және т.б. [9, 14 б.].

А. Авагяның пікірінше интернет желелері арқылы жүргізілетін қаржы пирамидаларының белгілері ретінде: 1) жоғары табыс пен «алтын тауларды» уәде ету (Понци сызбасы негізінде); 2) қатысушылардың басты мақсаты – жаңа салымшыларды тарту; 3) пирамиданың ішкі операцияларының көбісі криптовалюта арқылы жүргізіледі; 4) алаяқтық схемалар шеңберінде операцияларды жүзеге асырудың оңайлығы; 5) тым тартымды шарттар; 6) офлайн кеңсенің болмауы, тек әлеуметтік желілер мен сайттар арқылы жұмыс істеу; 7) алаяқтардың сайты келесі белгілерден тануға болады: (заманауи, көз тартарлық дизайн, бірақ байланыс деректері, реквизиттер және басқа ақпараттар өте аз.) [10].

Жаңа заман талабына бейімделген қаржы пирамидасының белгілеріне қатысты А. Акопованың пікірі ерекше назар аударуға тұрарлық. Себебі, цифрлық кеңістікті пайдалану арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар – қылмыскерлер үшін аса өзекті, өйткені бұл орта қылмыстың ізін жасыруға және құқық қорғау органдарынан жасырынып қалуға жоғары мүмкіндік береді.

Цифрлық кеңістікті қолдану мысалында Finiko компаниясын тануға болады. «Компания пайдаланушыларға Cyfron Capital OÜ платформасында криптовалюта және басқа да инвестициялық құралдарды сатып алуды ұсынған. Алайда бұл платформа шын мәнінде ойын сипатындағы жүйе болып, жылжымайтын мүлікті, автокөліктерді сатып алу, қарыздарды өтеу және инвестициялау сияқты жағдайларды имитациялаған. Осылайша, пайдаланушылар өз қаражаттарын нақты инвестициялық компанияға емес, жай ғана симуляцияға (еліктеме жүйеге) салған» [9, 11 б.].

Жинақталған ғылыми негіздерде қаржы пирамидасының төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

1. Рұқсат құжаттарының болмауы (Ұлттық банк немесе уәкілетті органнан лицензияның, қаржы-экономикалық құжаттардың болмауы);
2. Жоғары және жылдам табыс уәдесі (кепілдендірілген, тым жоғары табысқа уәде беру жиі – Понци сызбасы негізінде);
3. Жаңа салымшыларды тарту міндеттілігі (табыстың жалғыз көзі – жаңадан тартылған қатысушылардың қаражаты);
4. Компанияның қаржылық ашықтығының болмауы (қаржылық есептіліктің, құрылтай құжаттарының, нақты қызмет түрінің жария етілмеуі);
5. Шынайы өнім немесе қызметтің болмауы (нақты экономикалық қызметтің, өнімнің, инвестициялық активтің болмауы);
6. Интернет пен әлеуметтік желілер арқылы агрессивті жарнама (веб-сайттар, мессенджер арналары, «презентациялар», семинарлар, сыйлықтар тарату);
7. Криптовалютаны пайдалану және цифрлық кеңістікте әрекет ету (операциялар криптовалюта арқылы жүргізіледі, онлайн-сайт пен әлеуметтік желілер арқылы ғана жұмыс істейді);
8. Қатысушылардың қаражатын өз қалтасынан төлеуі (қатысу үшін алғашқы салым талап етіледі);
9. Алаяқтық сайт белгілері (көз тартарлық дизайн, бірақ байланыс деректері, реквизиттер өте шектеулі немесе мүлде жоқ).

Аталған сыртқы белгілер ішкі істер органдары тарапынан халыққа түсіндіру жұмыстары барысында қолданылуы тиіс. Бұл өз кезегінде қаржы пирамидаларының алдын алуға және олардың жолын кесуге мүмкіндік береді. Сондықтан халықты қаржы пирамидаларына тән сыртқы белгілермен кеңінен таныстыру – құқықтық сауаттылықты арттырудың және құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңызды құралы болып табылады.

Lubomír Čunderlík пікірінде пирамидалық инвестициялық схеманың негізгі түпнұсқалық ерекшелігі — субъектінің өз міндеттемелерін жаңа тартылған міндеттемелер есебінен өтеуі, ал әрбір кредитор бұл қызмет түрін өзге сипатта қабылдайды. Бұл ерекшелік субъектіні қаржылық пирамида ретінде тануға жеткілікті негіз болып табылады [6].

Қорытындылай келе, қаржы пирамидаларын келесі төрт негізгі түрге бөлуге болады:

1. Алдамшы жобалар – салымшыларды алдау жолымен жасалатын, нақты қызметі жоқ құрылымдар;
2. Псевдоинвестициялық компаниялар – инвестиция жасауды уәде етіп, бірақ қаражатты басқа мақсатта пайдаланатын ұйымдар;

3. Стихиялық (өздігінен пайда болатын) пирамидалар – басқарушысы жоқ, көбіне әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастырылатын және қатысушылардың өзара әрекет;

4. Биржалық пирамидалар (криптовалюта негізіндегі) – цифрлық активтер мен криптовалюталарды пайдалану арқылы жасырын немесе алаяқтық әрекеттермен ұйымдастырылатын жүйелер.

Одан бөлек, жинақталған ғылыми негіздер қаржы пирамидасының сыртқы бейнесін анықтауға мүмкіндік берді. Оларға: 1) рұқсат құжаттарының болмауы (Ұлттық банк немесе уәкілетті органнан лицензияның, қаржы-экономикалық құжаттардың болмауы); 2) жоғары және жылдам табыс уәдесі (кепілдендірілген, тым жоғары табысқа уәде беру жиі – Понци сызбасы негізінде); 3) жаңа салымшыларды тарту міндеттілігі (табыстың жалғыз көзі – жаңадан тартылған қатысушылардың қаражаты); 4) компанияның қаржылық ашықтығының болмауы (қаржылық есептіліктің, құрылтай құжаттарының, нақты қызмет түрінің жария етілмеуі); 5) шынайы өнім немесе қызметтің болмауы (нақты экономикалық қызметтің, өнімнің, инвестициялық активтің болмауы); 6) интернет пен әлеуметтік желілер арқылы агрессивті жарнама (веб-сайттар, мессенджер арналары, «презентациялар», семинарлар, сыйлықтар тарату); 7) криптовалютанан пайдалану және цифрлық кеңістікте әрекет ету (операциялар криптовалюта арқылы жүргізіледі, онлайн-сайт пен әлеуметтік желілер арқылы ғана жұмыс істейді); 8) қатысушылардың қаражатын өз қалтасынан төлеуі (қатысу үшін алғашқы салым талап етіледі); 9) алаяқтық сайт белгілері (көз тартарлық дизайн, бірақ байланыс деректері, реквизиттер өте шектеулі немесе мүлде жоқ).

Аталған сыртқы белгілер ішкі істер органдары тарапынан халыққа түсіндіру жұмыстары барысында кеңінен қолданылуы тиіс. Бұл, біріншіден, азаматтардың қаржы пирамидаларына алданып қалу фактілерінің алдын алуға, екіншіден, осындай алаяқтық сызбаларын ерте кезеңде әшкереленуіне және жолын кесуге ықпал етеді.

Қазіргі уақытта қаржы пирамидалары дәстүрлі үлгіден басқа, заманауи цифрлық нысандарда да жүзеге асырыла бастағанын ескерсек, қоғамның құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру – аса өзекті мәселе.

Сондықтан халықты қаржы пирамидаларына тән сыртқы белгілермен жан-жақты әрі нақты түрде таныстыру – құқықтық сананы қалыптастырудың, азаматтарды алаяқтық әрекеттерден қорғаудың және құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңызды әрі тиімді құралы болып табылады.

Мұндай түсіндіру жұмыстары білім беру ұйымдарында, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлік платформаларда жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Сонымен қатар, ішкі істер органдары, қаржы нарығын қадағалайтын органдар және қоғамдық ұйымдар

өзара үйлестірілген іс-қимыл негізінде ақпараттық-түсіндіру науқандарын ұйымдастыруы тиіс.

1.2 Қаржы пирамидаларына алдын алуға қатысты отандық заңнамалық реттеу және құқықтық жауапкершілік мәселелері

Қаржы пирамидаларының алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл саласындағы бағыт мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл мәселе тек мемлекеттің ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне әсер ететін өзекті проблемаларының қатарында. Қаржы пирамидаларының қызметі азаматтардың қаржылық әл-ауқатына нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіреді.

Қаржы пирамидаларының алдын алуда құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының бірнеше нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Атап айтқанда, «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы», «Жарнама туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстері. Аталған заңнамалық актілерде қаржы пирамидаларының алдын алуға, жолын кесуге бағытталған және қаржы пирамидасын ұйымдастыру, оларға қатысу, жарнамалау әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік көзделген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен конвенциялар да қаржы пирамидаларына қарсы күрестің құқықтық базасын кеңейтеді. Бұл құжаттарда қаржылық алаяқтыққа қарсы халықаралық ынтымақтастықтың тетіктері, ақпарат алмасу, трансшекаралық тергеулер жүргізу және алдын алу шаралары қарастырылған.

Жалпы, бұл нормативтік құжаттар қаржы пирамидаларының қызметіне тосқауыл қоюға және олардың алдын алуға, сондай-ақ халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретін кешенді құқықтық механизмдердің жиынтығы болып табылады.

Сонымен қатар, қолданыстағы құқықтық нормалар тек қана кінәлі тұлғаларды жауапқа тартуға емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтарын қорғауға, олардың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге, қылмыстың алдын алу іс-шаралары тек құқық бұзушылықты жасағаннан кейін ғана емес, оның болуына жол бермеу мақсатында жүргізілуі қажет. Бұл ретте профилактика екі негізгі бағытта жүзеге асырылады деп тұжырымдауға болады.

Бірінші бағыт құқық бұзушылық жасауға бейім тұлғалармен профилактикалық жұмыс жүргізу. Мұндай шаралар құқық бұзушыны ертерек анықтап, оның қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатын әрекеттерден тежеуге бағытталған. Жауапкершілік туралы түсіндіру арқылы құқық

бұзушылық ойын тежеу ғана емес, саналы түрде құқық бұзушылықтан бас тартуға итермелеу.

Екінші бағыт қылмыс құрбаны болу қаупі жоғары адамдар тобымен профилактикалық жұмыс жүргізу болып табылады. Адамдарды алдау, алаяқтық немесе қаржылық пирамида сияқты қылмыстық схемалардан сақтандыру болып табылады.

Құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені [11].

Аталған заң нормаларына сәйкес құқық бұзушылықтардың алдын алуға уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі маңызды рөл атқарады. Соның ішінде, құқық қорғау органдарының орны ерекше. Алайда, қылмыспен күрес тиімді болуы үшін бұл салада бір ғана органның емес, барлық мүдделі органдардың өзара үйлесімді жұмысы атқаруы қажет. Мысалы, салық органдары, банктер және басқа да қаржы саласындағы мекемелер қаржы пирамидаларының ішкі белгілерін анықтаған жағдайда, бұл туралы тиісті құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті. Өз кезегінде, уәкілетті органдар қаржы пирамидасы құрамында құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғына баға беріп, жауаптылық мәселесін шешуге тиіс.

Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы заңының 1-бабы 7-тармағына сәйкес, құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган [12].

Құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу саласында полиция қызметінің рөлі айрықша. Полиция қызметкерлері қаржы пирамидаларының сыртқы белгілерін танып, оларды ерте сатысында анықтау арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға белсенді түрде қатысуы тиіс. Бұл ретте олар ведомстволық органдарға қаржы пирамидасының ішкі белгілерін нақтылау үшін жүгіну құқығына ие.

Сонымен қатар, интернет кеңістігінде жарнамаланатын күдікті қаржы пирамидаларын анықтау бойынша арнайы міндет жүктелетін орган — киберқылмысқа қарсы күрес бөлімшелері. Бұл бөлімдер интернет желілерінде

үздіксіз мониторинг жүргізіп, қаржы пирамидаларының жарнамасын ерте кезеңде анықтау арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етуі тиіс.

Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы өз құзыреті шегінде – учаскелік полиция пунктi аумағындағы құқық бұзушылықтардың жай-күйін, құрылымын және қарқынын, сондай-ақ олардың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін талдайды [13].

Соған сәйкес, учаскелік полиция өз қызмет аумағында ашылған, сыртқы белгілері арқылы қаржы пирамидасына ұқсайтын ұйымдарды анықтау бойынша нақты іс-шаралар қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтың ықтимал құрбандарына айналуы мүмкін тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы профилактикалық қызмет атқаруы қажет.

Қаржы пирамидаларына қатысты құқықтық жауапкершілік мәселелеріне тоқталсақ.

Ә.М. Әлібекованың көзқарасында «егер қаржы пирамидасын құру кезеңінде айтарлықтай шығындар қажет етілмесе, оны кеңінен тарату кезеңінде материалдық, ақпараттық және басқа да ресурстар қажет болады. Бұл кезеңде жарнаманың рөлі айрықша маңызды: ұйым туралы ақпарат неғұрлым көп тараса, белгілі және танымал адамдар ол ұйым туралы неғұрлым сенімді түрде әңгімелесе, қатысушылар саны соғұрлым артады, ал ұйымдастырушылардың табысы соғұрлым жоғары болады» [14, 3 б.].

Аталған пікір қаржы пирамидасының жұмыс атқаруында жарнама жасау қылмыстық құқық бұзушылықтың басты қажеттіліктерінің бірі екендігін көрсетеді.

Жарнаманы жасау, тарату, орналастыру және пайдалану үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, жарнама саласындағы жосықсыз бәсекеден қорғау, жөнсіз жарнаманы болғызбау және оларға тыйым салу ҚР «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңымен реттеледі.

Заңның 13-бабы 6-бөлігіне сәйкес (жекелеген өнім түрлерін жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жарнамалау ерекшеліктерінде) қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалауға тыйым салынады [15].

Аталған шектеу, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 166-V ҚРЗ Заңының негізінде қолданысқа енгізілді.

Тиісінше аталған норманы бұзу салдары бойынша 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін 136-3-бабымен толықтыру ұсынылған. Онда келесідей редакция көрсетілген:

136-3-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау

Қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің жарнамасын шығару, тарату және орналастыру – бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге – бір жүз елуден бір жүз жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүзден алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [16].

Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде аталған редакция 150-бабында (қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау) орналастырылды.

Редакция келесідей толықтырумен қосылды: Қаржылық (инвестициялық) пирамида қызметінің жарнамасын шығару, тарату және орналастыру, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса – үш айға дейінгі мерзімге масс-медианың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – бір жүз елу, лауазымды адамдарға – бір жүз жетпіс, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [17].

Ә.Әлібекованың зерттеуінде «ҚР ӘҚБтК-нің 150-бабының диспозициясының мазмұнына сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін жарнама таратылған сәтте ұйымның қаржы пирамидасы ретінде ресми танылғаны қажет.

Алайда, бұл норма аясынан соттың шешімімен әлі қаржы (инвестициялық) пирамидасы деп танылмаған, бірақ мұндай пирамиданың белгілеріне ие және жәбірленушілерден қаражат тартуға бағытталған ұйым туралы жарнаманы дайындап, тарататын немесе орналастыратын адамдар тыс қалуы мүмкін.

Осы негізде аталған бап редакциясына келесідей толықтыру енгізуді ұсынады: Қаржы (инвестициялық) пирамидасының немесе оның белгілері бар ұйымның қызметі туралы жарнаманы дайындау, тарату және орналастыру әрекеттері, егер бұл әрекеттер қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілерін қамтымаса» [14, 5 б.].

Аталған ұсыныс терең талдаудың нәтижесінде тұжырымдалып, құқық қолдану тәжірибесінде қаржы пирамидаларына қарсы күрес аясындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, бұл толықтыру қылмыстардың алдын алу саласында заң нормаларының тиімді жұмыс істеуіне оң ықпал ететініне күмән келмейді.

Жарнамалық қызметке қатысты құқықтық жауапкершілікті белгілеу мәселесі бірнеше күрделі аспектілерге байланысты. Соның ішінде, ең өзектісі – жарнамаланған ұйымның нақты қаржы пирамидасы ретінде танылуы үшін оның ішкі және сыртқы белгілерін анықтау қажеттігі. Бұл белгілер, өз кезегінде, заңмен белгіленіп, соттың шешімімен нақты айқындалуы тиіс. Сот шешімінсіз қандай да бір жарнаманы сыртқы белгілерінде қаржы пирамидасына ұқсас деп тану және ол үшін жауапкершілікке тарту конституциялық принциптерге қайшы келеді, әсіресе, кінәсіздік презумпциясы тұрғысынан.

Яғни, құқық қорғау органдары мен уәкілетті мекемелердің әрекеттері тек заңмен көзделген негіздерде және нақты дәлелдерге сүйене отырып жүзеге асырылуы тиіс. Мемлекет, өз кезегінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын болжамды құқық бұзушылық әрекеттері үшін заңсыз жауапкершілікке тартуды болдырмауы қажет.

Бұл мәселе жауаптылық пен оның алдын алу арасындағы нәзік шекараның бар екендігін көрсетеді. Бір жағынан, мемлекет қаржы пирамидаларының таралуына жол бермеуге мүдделі болса, екінші жағынан, кез келген әрекет заңдылық пен дәлелділік қағидаттарына негізделуі тиіс. Сондықтан, заңнаманы жетілдіру барысында құқықтық тепе-теңдік пен азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау мәселелері басты назарда болуы қажет.

Сонымен қатар, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктердің әртүрлі құқықтық салаларға жататыны және олардың іске асырылу уақыты мен тәртібі де ерекшеленетіні — аталған мәселенің күрделілігін арттыратын факторлардың бірі. Бұл жағдай құқық қолдану тәжірибесінде қосарланған түсіндіруге немесе жауаптылықтың тиімді жүзеге аспауына алып келуі мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, қаржы пирамидасын жарнамалау үшін заңмен белгіленген жауаптылықтың өзегі оның салдарын жоюға бағытталғанын, яғни бұл шараның қылмыстың алдын алу құралынан көрі, оның туындаған зардаптарымен күресу тетігі екенін айқын көрсетеді.

Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау қылмыстық заңнамада қарастырылған. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау, яғни айтарлықтай залал келтіре отырып, ақпаратты жария түрде немесе масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалана отырып, адамдарды оған тартуға алып келген жеке және тікелей тарату ҚК-нің 217-1-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа алып келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылықпен салыстырғанда бұл қылмыс материалды құрамды қамтиды. Яғни, іс әрекеттен айтарлықтай залал (217-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал) келу бұл қылмыстың құрамын қамтиды [17].

Одан бөлек, қылмыс салдарымен күрес және жауаптылықтың болуы негізінде тежеу функциясын атқаратын ҚР ҚК-нің 217-бабына тоқталсақ. Бап

диспозициясына сәйкес, Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру, яғни тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастыру, сол сияқты қаржылық (инвестициялық) пирамидаға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету танылады [18].

Қаржылық (инвестициялық) пирамида құру немесе құрылымдық бөлімшелеріне басшылық жасау — бұл жеке және (немесе) заңды тұлғалардан ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті тарту негізінде жүзеге асырылатын, сондай-ақ осы тартылған қаражаттар есебінен мүліктік пайда алу қызметін ұйымдастыру әрекеті болып табылады.

Мұнда басты ерекшелік — тартылған қаражаттардың қандай да бір өнім өндіру немесе қызмет көрсету сияқты кәсіпкерлік қызметке бағытталмауы. Оның орнына, активтерді қайта бөлу жолымен — яғни кейінгі қатысушылардың жарналары есебінен бұрынғы қатысушыларға төлемдер жасау арқылы жүзеге асырылуы. Бұл модельдің мәні — белгілі бір топтың өзге қатысушылар есебінен заңсыз байытылуын қамтамасыз етуінде.

Алайда, егер құқық бұзушы өз еркімен аталған құқық бұзушылық фактісін уәкілетті органдарға хабарлаған болса, сондай-ақ оның қызметін әшкерелеуге немесе жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен жағдайда, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Одан бөлек, назар аударатын жайт — ақпараттық жүйені пайдаланушылардың тарапынан жасалған тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылық ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылмай келеді.

Бұл — заңнамада ескерілмеген олқылықтардың бірі. Аталған санаттағы тұлғаларға қатысты жауаптылықтың күшейтілуі орынды болып табылады. Себебі цифрлық кеңістікте жасалған құқық бұзушылықтарды тергеу барысында құқық қорғау органдары келесідей қиындықтарға тап болады:

- техникалық құрылғыларды зерттеу мен талдау арнайы ресурстар мен мамандандырылған құралдарды талап етеді;

- деректердің шифрланған немесе жасырын түрде берілуі тергеу процесін қиындатады;

- егер құқық бұзушылық трансшекаралық сипатта жасалса, өзге мемлекеттерге құқықтық тапсырма жолдау, құжаттар мен дәлелдемелер алу үшін қосымша уақыт пен ресурстар жұмсалады.

Осыған байланысты, аталған баптың екенші бөлігіне ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жасалған ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жасалған редакциясын қосу қажет.

Осы салада беделді субъектілердің бірі — Ақшаның заңсыз жолмен алынуына қарсы қаржылық әрекет ету жөніндегі топ — FATF (Financial Action Task Force). Қаржылық пирамидалар тікелей оның құжаттарында көрсетілмесе де, FATF ұсынған ұсынымдар қаржылық анықтығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бұл алаяқтық инвестициялық схемаларды анықтап, бұғаттауға мүмкіндік береді. Мысалы, 1, 10 және 20-ұсынымдар мемлекеттерден тәуекелдерді бағалау, клиенттерді идентификациялау және күдікті транзакциялар бойынша ақпаратты жылдам алмасуды талап етеді. 29-ұсыным қаржылық барлау қызметінің мұндай схемаларды талдаудағы рөлін бекітеді. Бұл талаптар кешені қаржылық пирамидаларға тән құрылымдарды, әсіресе олардың қазіргі заманғы, орталықсыздандырылған түрлерін ертерек анықтауға мүмкіндік туғызады [40]. Қаржылық пирамидалардың пайда болуы мен таралуына кедергі болатын реттеуші орта қалыптастыруда Халықаралық бағалы қағаздар комиссиялары ұйымы — IOSCO үлкен рөл атқарады. Бұл ұйым 130-дан астам юрисдикцияның қаржы нарықтарын реттеушілерін біріктіріп, инвестициялық өнімдердің ашықтығы, делдалдардың қызметі және инвесторлардың құқықтарын қорғау бойынша әмбебап қағидаларды әзірлейді. Мемлекеттердің IOSCO-ға қатысуы өздерінің нормативтік актілерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді талап етеді, бұл реттелмейтін нарықтар арқылы пирамидалардың ұйымдастырушылары жиі пайдаланатын құқықтық олқылықтарды азайтады және олардың қызметін «зандастыруға» мүмкіндік бермейді [41].

Қаржылық пирамидаларға қарсы халықаралық жүйенің тағы бір маңызды буыны — Эгмонт тобы (Egmont Group), ол әлем бойынша 160-тан астам қаржы барлау бөлімшелерін (FIU) біріктіреді. Бұл желі күдікті транзакциялар туралы, соның ішінде офшор аймақтарға трансшекаралық аударымдар туралы барлау ақпаратын жедел алмасуға ықпал етеді, бұл пирамидалық құрылым белгілері бар схемаларды тергеуде аса маңызды болып табылады [42].

Сонымен қатар, халықаралық полиция құрылымдары да белсенді жұмыс атқарады. Европол (Europol), қаржылық және киберқылмыс саласында үйлестірілген операциялар жүргізу мандатына ие, криптовалюта пайдалана отырып әрекет ететін қаржылық пирамидалар схемаларын бірнеше рет анықтаған. Кейбір жағдайларда бұл схемалар Европолдың ұлттық құқық қорғау органдары мен қаржы реттеушілерімен ынтымақтастығы арқасында жойылған. Интерпол да тергеулерге қатысады, әсіресе пирамиданың қызметі жалған құжаттармен немесе ірі көлемдегі алаяқтықпен байланысты болған кезде [43].

Сонымен қатар, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) да айтарлықтай үлесі бар. ЭЫДҰ өз талдамалық материалдарында қаржы технологиялары саласындағы теріс пайдаланулар мен тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелерін қарастырады. Ұйым алдын алуға – қаржылық сауаттылықты арттыруға, халықты ақпараттандыруға және инвесторларды қорғау институттарын дамытуға басымдық береді. Бұл шаралар азаматтардың әдейі алаяқтық схемаларға тартылуын алдын алудың тиімді құралы болып табылады, әсіресе цифрландыру дәуірінде және интернет-инвестициялардың кең таралу жағдайында өзекті [44].

Әлем елдері арасындағы жаһандық үйлестіру, қаржылық ашықтықтың бірыңғай стандарттарын және дер кезінде ескерту механизмдерін енгізумен бірге, трансұлттық алаяқтық схемаларға қарсы күресті тиімді жүргізуге мүмкіндік береді, осылайша азаматтардың мүдделерін және қаржылық жүйелердің тұрақтылығын қорғайды.

Осылайша, қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл саласындағы шетелдік тәжірибе мен халықаралық ынтымақтастық механизмдерін қарастыру отандық құқық қолдану және алдын алу қызметін жетілдіру үшін практикалық маңызы бар бірнеше негізгі заңдылықтарды айқындауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, қаржылық схемаларға қарсы тиімділік жоғары елдерде заңнамалық реттеу, институционалды үйлестіру және белсенді алдын алу жұмыстары үйлесімді кешенді тәсіл арқылы жүзеге асады. Мысалы, Ұлыбританияда, Сингапурда және Германияда заңнама қаржылық пирамидаларды қылмыстық және әкімшілік құқық шеңберінде нақты анықтап, мұндай схемаларды жылдам тоқтатуға ықпал етеді. Бұл процесте қаржылық қылмыстарды тергеуге кең өкілеттіктері бар мамандандырылған бақылау органдары мен құқық қорғау құрылымдары, соның ішінде полиция маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, қаржылық пирамидаларға қарсы күрестің алдын алу бағыты әділетсіз жарнаманы шектеу, ағарту науқандары, лицензиялаудың ашықтығы және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл бағыт әсіресе Сингапур мен Қытай саясатында айқын көрінеді, онда азаматтардың күмәнді схемаларға тартылуын тежеу үшін әкімшілік және мінез-құлықтық бақылау қолданылады.

Үшіншіден, халықаралық ынтымақтастық шекарааралық қаржылық қылмыстарға тиімді жауап беру үшін маңызды шарт ретінде алдыңғы орынға шығады. Қаржы көздерін заңсыз жасыруға қарсы шараларды әзірлеу тобы (FATF), Құнды қағаздар жөніндегі халықаралық комиссиялар ұйымы (IOSCO), Европол, Интерпол және басқа да ұйымдар мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіруде, ақпарат алмасуда, стандарттар мен ұсыныстар әзірлеуде шешуші рөл атқарады. Заңнаманы үйлестіру де маңызды бағыт болып табылады, ол қаржылық пирамидаларды анықтау мен зардап шеккендердің құқықтарын қамтамасыз етуде әртүрлі юрисдикцияларда біркелкі тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, қазіргі жағдайдағы қаржылық пирамидаларға қарсы күрес тек ұлттық құқықтық базаны ғана емес, сонымен қатар халықаралық кооперацияға белсенді қатысуды талап етеді. Қаржылық ағындардың жаһандану және цифрлық технологиялардың дамуы жағдайында оқшауланған тәсіл жеткіліксіз болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік және халықаралық тәжірибені зерттеу мен бейімдеу Қазақстан Республикасында қаржылық пирамидалардың алдын алу, анықтау және тоқтату тиімділігін арттыру үшін маңызды ресурс болып табылады.

2. Қаржы пирамидасының алдын алу және жолын кесудегі полицияның рөлі

2.1 Қаржы пирамидасымен күресте полиция органдарының рөлі

«2021 жылғы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Бас прокуратураға алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар кешенін қабылдауды тапсырды. Мәселенің өзектілігі аталған қылмыс түрлерін тіркеудің тұрақты өсуіне және жәбірленушілердің көптігіне байланысты болды.

Осыған байланысты, Бас прокуратура мүдделі органдармен бірлесіп 2022 жылға арналған алаяқтықтарға (интернет-алаяқтықтарға) және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешенін қабылдады» [45].

Қаржы пирамидаларын анықтау мен оның жолын кесуге бағытталған іс-шаралар кешені — Қазақстан Республикасының қаржылық қауіпсіздігін нығайту және азаматтарды аталған құқық бұзушылықтың құрбаны болудан сақтау мемлекеттік стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл кешен өзінде әртүрлі деңгейлерде жүзеге асырылатын бірқатар шараларды қамтиды: заңнамалық бастамалардан бастап арнайы бөлімшелердің практикалық жұмысына дейін.

Осы іс-шаралардың негізгі бағыты – құқық қорғау органдары, арнайы мекемелер мен уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту болып табылады. Мұндай үйлестірілген өзара әрекеттестік әсіресе цифрлық кеңістікте ұйымдастырылып жатқан жаңа буындағы қаржы пирамидаларына тиімді және жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жедел-тергеу қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру да маңызды бағыт ретінде белгіленіп отыр. Оларға цифрлық іздерді анықтау, деректерді сараптау және жедел шараларды заманауи технологиялар арқылы жүргізу әдістері үйретілуде.

Аталған шаралармен қатар, халықпен жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының сапасын арттыру – қаржылық алаяқтықтың алдын алудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қаржы пирамидаларының сыртқы және ішкі белгілері жөнінде азаматтарға үнемі ақпарат беру, оларды тану жолдарын үйрету, сондай-ақ өз жинақтарын күмәнді инвестициялық жобаларға салудан сақ болуға шақыру – құқықтық сауаттылықты арттырудың пәрменді әрі практикалық құралы болып саналады.

Сонымен бірге, бұл бағытта бірінші кезекте қаржы пирамидаларын анықтауға қатысатын құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өздері қажетті теориялық және практикалық біліммен қамтамасыз етілуі тиіс. Яғни, ішкі істер органдарының қызметкерлері қаржы пирамидаларының нақты құрылымын, сыртқы және ішкі сипаттамаларын, әрекет ету тетіктерін терең білуі қажет.

Бұған қоса, ішкі істер органдарының қызметкерлері қаржылық алаяқтықтың ықтимал құрбаны болуы мүмкін азаматтардың осал топтарын (мысалы, зейнеткерлер, аз қамтылған азаматтар, мүгедектігі бар жандар, көпбалалы аналар және қаржылық сауаты төмен тұлғалар) танып, оларға ерекше назар аударуы қажет. Осал әлеуметтік топтармен мақсатты профилактикалық жұмыс жүргізу – қаржы пирамидаларына алдану фактілерінің алдын алу мен олардың салдарын азайтуға ықпал ететін маңызды қадамдардың бірі.

Сонымен қатар, азаматтарға ашық дереккөздер арқылы компаниялар туралы объективті және толық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін мемлекет және уәкілетті органдар тиісті онлайн-платформаларды дамытуы қажет етеді. Мұндай платформаларда компаниялардың заңды мәртебесі, тіркеу деректері, қаржылық есептілігі және

құқықтық тарихы туралы деректер жария түрде қолжетімді болуы тиіс. Бұл – азаматтардың саналы таңдау жасауына және қаржылық пирамидаларды дер кезінде тануына мүмкіндік береді.

Осылайша, құқық қорғау жүйесінің тиімділігімен қатар, халықтың өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін күшейту, ақпараттық қолжетімділік пен құқықтық мәдениетті арттыру – қаржы пирамидаларына қарсы күрестегі кешенді тәсілдің маңызды бөлігі болып табылады.

Н. Калущкаяның көзқарасында қазіргі заманғы қаржы пирамидалары көбінесе жастар буынына бағытталғандығын уәждейді [46].

Ал, Н. Вараксаның және Ф.Бехбудованың пікірлерінде «азаматтар көбінесе күрделі өмірлік жағдайларда қалып, қаржы пирамидасына қатысу олар үшін сол жағдайдан шығудың жолы сияқты көрінеді. Алайда, бұл жол – тығырыққа тірейтін жол және күтілген нәтижелерге жеткізбейді. Өз қаржысын қорғау үшін әрбір азамат өз қаржылық сауаттылығын арттыруы тиіс, бұл өз кезегінде халықтың қаржылық қауіпсіздігін қалыптастыруға ықпал етеді» [47].

Аталған пікірлер негізінде қаржы пирамидаларының ықтимал құрбандарына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға болады:

- Әлеуметтік және материалдық жағдайының төмендігі;
- Қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігі;
- Тиісті профилактикалық жұмыстың жүргізілмеуі;

Қаржы пирамидаларының алдын алу және жолын кесу бағытында уәкілетті органдардың жеткілікті жұмыс атқармауы немесе қажетті құралдардың болмауы.

Одан бөлек, мемлекет тарапынан қолға алынған маңызды қадамдардың бірі — цифрлық технологияларды құқық қорғау саласына белсенді түрде енгізу. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ақпарат алмасудың бірыңғай әмбебап сервисін іске қосты. Бұл жүйе құқық қорғау, арнайы және уәкілетті органдарға күдікті тұлғаларға қатысты банктік шоттар мен ақша қаражаттарының қалдығы бойынша сұраныстарды жедел түрде жолдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, тергеу органдары уақытылы әрекет етіп, қылмыстық әрекеттердің жолын кесу мүмкіндігін иеленіп отыр.

Практика көрсеткендей, аталған ақпараттық жүйе киберқылмыстық құрылымдарды уақыт оздырмай анықтап, олардың қызметін тоқтатуда тиімді құралға айналды. Мәселен, соңғы бірнеше айдың ішінде интернет кеңістігінде жұмыс істеген оннан астам ұйымдасқан қылмыстық топ әшкереленіп, олардың заңсыз әрекеттері тоқтатылды.

Сонымен қатар, интернет желісіндегі күмәнді белсенділікті тұрақты түрде бақылауға және талдауға мүмкіндік беретін мониторинг құралдарымен толықтырылу қажет. Бұл өз кезегінде, қаржылық пирамида болуы мүмкін құрылымдарды алдын ала болжап, тәуекелі жоғары жобалардың тізімін

калыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл қаржылық пирамидаларға қарсы күресте алдын алу шараларын уақытылы қабылдауға жағдай жасайды.

Осылайша, цифрлық технологиялар мен деректерге қолжетімділікті арттыру — қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы тиімді әрекет етудің маңызды элементі болып отыр. Бұл бастама қаржылық алаяқтықпен күрестегі кешенді тәсілдің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстанда киберқылмыспен күресуге бағытталған арнайы бөлімшелер — «Киберпол» — 2023 жылы әртүрлі өңірлерде кезең-кезеңімен құрылып, жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігі криминалдық полиция бөлімшелерін заманауи техникалық жабдықтармен және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етілуде. Бұл жабдықтар интернет желісіндегі белсенділікті бақылауға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы құқық бұзушыларды анықтауға және қаржы пирамидасына қатысы бар тұлғаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған кешенді шаралар қазіргі заманғы цифрлық форматтағы — қаржы пирамидаларына қарсы бірізді, жүйелі саясат жүргізіп отырғанын көрсетеді. Бұл сонымен қатар азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қаржылық сауаттылығын арттыруға және цифрлық кеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Іс-шаралар кешеніне құқық қорғау және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын күшейту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу, қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіру (жедел ақпарат алмасу, жедел-тергеу қызметкерлері үшін бейінді оқыту жүргізу, IT бағдарламалар мен қосымшаларды әзірлеу және енгізу, жауапкершілікті күшейту және т.б.) жөніндегі шаралар кіреді.

Бұл қадамдар өз кезегінде азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеріп, қаржылық алаяқтықтың құрбаны болу қаупін азайтады.

Қорытындылай келе, қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасының қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Мемлекет тарапынан қабылданған кешенді шаралар тек құқық қорғау органдарының техникалық және кадрлық әлеуетін арттырумен шектелмей, сонымен қатар азаматтардың құқықтық және қаржылық мәдениетін дамытуға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі болып отыр.

Атап айтқанда, құқық қорғау және уәкілетті органдар арасындағы үйлесімді өзара іс-қимыл, заманауи цифрлық технологияларды енгізу, жедел ақпарат алмасу жүйелерін қолдану қаржы пирамидаларын ерте кезеңде анықтауға және олардың таралуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, осал әлеуметтік топтармен мақсатты профилактикалық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ халыққа қолжетімді әрі сенімді ақпарат ұсыну — алдын алу шараларының тиімділігін арттыратын маңызды бағыттар ретінде

танылады. Осыған байланысты, зерттеу барысында қаржы пирамидаларының ықтимал құрбандарына әсер ететін негізгі факторларды анықтап, оларды жою бойынша нақты шаралар қабылдау қажеттігі негізделді.

Бұдан бөлек, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, күмәнді инвестициялық жобаларды ажырата білу қабілетін қалыптастыру және құқықтық жауапкершілік туралы түсінікті кеңейту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу де аса маңызды.

Осылайша, қаржы пирамидаларына қарсы бағытталған кешенді, үйлестірілген және нәтижеге бағдарланған шаралар азаматтардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

2.2 Қаржы пирамидасының алдын алу және жолын кесуге қатысты ұсыныстар

Қазіргі уақытта қоғамда экономика жаңа сапалық деңгейде бастау алуда. Алайда экономика өсімімен қатар қаржы саласындағы құқық бұзушылықтардың, әсіресе алаяқтықтың күрделі нысандарының, соның ішінде қаржы пирамидаларының таралуы алаңдаушылық тудырады. Қаржы пирамидалары – қылмыстық әрекеттің заманауи, қоғамның даму қарқынына бейімделген түрі ретінде қалыптасып, азаматтардың құқықтары мен мемлекет мүддесіне елеулі зиян келтіруде.

Осындай қылмыстардың алдын алу мен ашу – құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте қылмыспен күрес алдын алуға бағытталған кешенді және профилактикалық шаралар жүзеге асырылуды қажет етеді. Бұл бағытта қылмыстың себептері мен шарттарын зерделеу, қоғамдық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру – тиімді шаралардың бірі болып табылады.

Зерттеу қылмыспен күресте құқық қорғау жүйесі қоғамның даму ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге және жаңа қауіп-қатерлерге бейімделе білуі қажет екендігін көрсетеді. Яғни, қылмысқа қарсы іс-қимыл жүйесі статистикалық емес, динамикалық сипатта дамып отыруын қажет етеді. Бұл өз кезегінде құқықтық саясат пен қылмыстық-құқықтық шараларды үнемі жетілдіру қажеттілігін тудырады.

Құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

Құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері - құқық бұзушылық профилактикасын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік

органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдары мен азаматтары [11].

Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы заңының 1-бабы 7-тармағына сәйкес, құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган [12].

Жоғарғыдағы заң нормалары негізінде ішкі істер органды қаржы пирамидасымен күресте профилактикалық жұмыстарды атқаруға құқық болып табылады.

Сонымен қатар, Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңының 7-бабының 10- тармағына сәйкес, «ішкі істер органдары қызметкерлері үшін құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша арнаулы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету ішкі істер органдарының құзыреті болып табылады [11].

Аталған заң нормасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы қызметін кәсіби деңгейде жүзеге асыруы үшін оларды арнайы дайындықтан өткізу қажеттігін негіздейді. Яғни, профилактикалық жұмыстарды тиімді жүргізу үшін полиция қызметкерлері теориялық және практикалық тұрғыдан жеткілікті білім мен дағдыға ие болуы тиіс.

Қазіргі қоғамда қылмыстық құқық бұзушылықтар, әсіресе қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтық сияқты күрделі және технологиялық сипаттағы қылмыстар күн сайын өзгеріп, жаңа формаларда көрініс табууда. Осыған байланысты ішкі істер органдары қызметкерлері үшін заманауи қауіп-қатерлерді тану, құқық бұзушылықтың сыртқы белгілерін анықтау және олардың алдын алу жолдарын үйрететін курстар өткізу ерекше маңызға ие.

Мысалы, қаржы пирамидаларына тән сыртқы белгілер бойынша, сондай-ақ осындай құқық бұзушылықтардың ықтимал құрбандарын — әсіресе әлеуметтік осал топтар арасынан — анықтау әдістемесі бойынша арнайы оқу курстарын ұйымдастыру қажет. Мұндай дайындық ішкі істер органдарының құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша нақты әрі тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, құқық бұзушылық профилактикасы аясында қоғамның әртүрлі топтарына — әсіресе жоғары қауіп тобына жататын азаматтарға — құқықтық және қаржылық қауіпсіздік негіздері бойынша түсіндіру жұмыстарын

жүргізу қажет. Бұл өз кезегінде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттырады.

Одан бөлек, экономиканың цифрлауында, трансшекаралық қаржы ағындары ауысуда қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мәселесі ерекше маңызға ие. Қазіргі уақытта алаяқтық схемалар заман талабына сай технологиялық жағынан күрделеніп, заңды инвестициялық жобалар ретінде бүркемеленуде. Осы ретте оларды дер кезінде анықтап, бейтараптандыру тәжірибеде қиындықтар тудыруда.

Мұндай қылмыстармен тиімді күресу тек тиісті заңнамалық базаны және қаржылық мониторинг жүргізуге уәкілетті органдардың жұмысын ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау жүйесінің, атап айтқанда полицияның белсенді қатысуын талап етеді.

Ішкі істер органдары құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты буын болып табылады, сондықтан олардың қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылға тартылуы – объективті қажеттілік болып табылады. Оперативтік-ізвестіру, процестік және алдын алу өкілеттіктерінің кең арсеналы бар полиция осындай қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тергеу міндеттерінің басым бөлігін атқарады.

Мемлекеттік биліктің өзге институттарымен – қаржылық мониторингтен бастап прокуратура мен салық органдарына дейін – полицияның үйлестірілген күш-жігерін көздейтін ведомствоаралық өзара іс-қимыл ерекше маңызға ие болуда.

Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы заңының 7-бабына сәйкес, ішкі істер органдары өздеріне белгілі болған, өзге құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын құқық бұзушылықтар туралы оларды хабардар етеді, бұл полицияның қаржылық қылмыстардың алдын алуда өзге құрылымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасау міндетін бекітеді [12].

Азаматтардың жалпы, тұрмыстық және құқықтық мәдениетін арттыратын, жалпы адамзаттық құндылықтарға, заңға мойынсынушылық мінез-құлыққа, құқыққа қарсы мінез-құлыққа төзбеушілікке бағдарланған адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру арқылы криминогендік факторларды жоятын немесе шектейтін идеологиялық шараларды [11].

Осы тұрғыда ішкі істер органдарының аталған саладағы функционалдық мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі қарастыру, олардың қызметінің негізгі бағыттарын айқындау және ең тиімді қарсы іс-қимыл нысандары мен әдістерін бөле көрсету қажет.

Ішкі істер органдары қаржылық мониторингтің мамандандырылған органы болып табылмайтынына қарамастан, мұндай қылмыстық схемалардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін бірқатар өкілеттіктерге ие.

Ішкі істер органдар қаржы пирамидаларымен күрестегі функционалдық рөлі ең алдымен жедел-ізвестіру қызметі, ақпарат жинау мен талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі, прокуратура, Ұлттық банк, әділет органдары және салық қызметтері сияқты өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл арқылы көрініс табады. Полиция қаржы пирамидаларын ұйымдастырушы қылмыстық топтарды анықтау және бейтараптандыру бойынша ведомствоаралық іс-шараларды үйлестіруші ретінде де, қылмыстық іс қозғау бастамашысы ретінде де әрекет ете алады.

Одан бөлек, халықпен алдын алу жұмысы полицияның бұл саладағы қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу, азаматтармен кездесулер ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарына қолдану, әлеуметтік желілер мен ІМ-нің ресми ресурстарында ақпараттық материалдар орналастыру сияқты іс-шараларды қамтуы мүмкін. Қазіргі жағдайда алдын алудың тиімді шараларының бірі ретінде ішкі істер органдарының құрылымында қаржылық және цифрлық алаяқтық саласындағы құзыретке ие мамандандырылған бөлімшелерді жұмыс атқаруда.

Дегенмен, цифрлық платформалармен қатар жасанды интеллект құралдарының да қарқынды дамуы жағдайында, бұл технологияларды құқық бұзушылықпен күрес процесінде тиімді қолданбаған жағдайда, оларды құқық бұзушылар өздерінің құқыққа қарсы іс-әрекеттерінде пайдалануы әбден мүмкін. Бұл жағдай, өз кезегінде, жасанды интеллектті қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтау мақсатында бірінші кезекте қолданудың маңыздылығын айқындайды.

Осы негізде, біз бір қадам алда жүруіміз қажет. Яғни, құқық қорғау органдары заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын белсенді түрде енгізіп, оларды құқық бұзушылықтың алдын алу, болжау және нақты әрекетке жедел әрекет ету құралына айналдыруы тиіс. Тек осылайша біз қылмыстың эволюциясына ілесіп қана қоймай, оның алдын алуда тиімділікті арттыра аламыз.

Мұндай жүйе қаржы пирамидаларына тән сипаттамаларға негізделген күдікті схемаларды ерте кезеңде анықтап, талдауға мүмкіндік беретін тиімді құралға айналады. Атап айтқанда, жүйе мынадай негізгі белгілерді автоматты түрде талдап, сүзгіден өткізе алады: қаржылық қызметті жүзеге асыруға қажетті лицензияның болмауы; жаңа қатысушыларды тартуға баса назар аударылуы; шектен тыс белсенді және агрессивті жарнама жүргізілуі; нақты әрі түсінікті инвестициялық өнімнің немесе қызметтің болмауы; табыстылық туралы уәделердің тым жоғары әрі нақты дәлелсіз ұсынылуы.

Осындай көрсеткіштерді біріктіре отырып, жүйе ықтимал қаржы пирамидасының құрылымын ерте кезеңде айқындап, құқық қорғау органдарына жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтық

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және цифрлық кеңістіктегі алаяқтық әрекеттердің алдын алуға елеулі үлес қосады.

Қаржы пирамидаларының алдын алудағы полицияның рөлі Қазақстан Республикасында халықты қаржылық алаяқтықтан қорғау жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Құқық қорғау органдарының қаржылық мониторинг жүргізу өкілеттіктерінің болмауына қарамастан, олардың мұндай қылмыстарды анықтау, жолын кесу және алдын алу саласындағы қатысуы — ведомствоаралық өзара іс-қимыл мен қаржылық құқықбұзушылықтарға қарсы күрестің кешенді тәсілінің ажырамас құрамдас бөлігі болып саналады.

Мамандандырылған талдамалық бөлімшелерді құру, заманауи цифрлық технологияларды енгізу, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру полицияның жедел және алдын алу бағыттарындағы жұмысын жаңа деңгейге көтереді. Бұл өз кезегінде халық арасында белсенді ағартушылық жұмыс жүргізумен қатар, әлеуметтік осалдық деңгейін едәуір төмендетуге және азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы бағыттарды күшейту және құқық қорғау органдарының өкілеттіктерін кеңейту – қоғамның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қаржы пирамидаларына қарсы күрестің кешенді әрі орнықты жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады.

Қазіргі цифрландыру дәуірі мен қаржылық қылмыстардың ушығуы жағдайында ішкі істер органдарының қаржы пирамидаларына қарсы күрестегі рөлі айрықша маңызды болып отыр. Полиция қаржылық мониторингтің мамандандырылған органы болмаса да, оның жедел-іздістіру, профилактикалық және координациялық функциялары басқа мемлекеттік құрылымдармен ведомствоаралық өзара іс-қимыл аясында алаяқтық схемаларды анықтау мен жолын кесуде шешуші рөл атқарады. Мұнда тек қылмыстарға тиімді реакция жасау ғана емес, сонымен бірге азаматтардың құқықтық санасын және қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған жүйелі профилактикалық жұмыс та маңызды аспект болып табылады.

Ішкі істер органдарында заманауи цифрлық технологияларды енгізу және мамандандырылған бөлімшелерді құру полицияның қауіп-қатерлерді ерте кезеңде анықтау және қоғаммен тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Дегенмен, осы шаралардың тиімділігі институционалдық қолдау, айқын заңнамалық реттеу және жүйелі ведомствоаралық ынтымақтастықсыз мүмкін емес. Қаржы пирамидаларына қарсы тиімді күрес тек кешенді, үйлестірілген жүйе құрылған жағдайда ғана жүзеге асады, мұнда жедел іс-қимылдар, профилактикалық шаралар және білім беру бастамалары біріктіріледі. Осы жүйеде ішкі істер органдары құқық тәртібін қорғаушы ғана емес, қоғамда қаржылық сауаттылық пен құқық мәдениетін қалыптастыруға белсенді қатысушы ретінде де негізгі рөл атқарады. Олардың өкілеттіктерін күшейту,

заманауи цифрлық технологияларды енгізу және ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамыту азаматтарды қаржылық алаяқтықтан қорғау деңгейін айтарлықтай жоғарылатуға мүмкіндік береді. Мұндай кешенді тәсіл экономикалық қауіпсіздікті нығайту мен цифрлық дәуірдегі мемлекеттің тұрақты дамуының негізі болмақ.

Қорытындылай келе, полиция қызметкерлерін қаржылық және цифрлық алаяқтықпен күрес саласында арнайы оқу курстарынан өткізу жүйесін жетілдіру қажет. Мұндай курстарда қаржы пирамидаларының құрылымдық ерекшеліктері, типтік схемалары, цифрлық іздер мен алаяқтықтың сыртқы белгілерін тану әдістемелері қамтылуы тиіс.

Қаржы пирамидаларының қауіптілігі мен олардың қызмет ету механизмдерін түсіндіретін медиа материалдарды (бейнероликтер, инфографика, брошюралар) әзірлеу және тарату қажет. Бұл ретте, әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен онлайн-платформалар белсенді пайдаланылуы тиіс. Түсіндіру жұмыстары әсіресе зейнеткерлер, жастар және жұмыссыз азаматтар арасында жүргізілуі тиіс.

Одан бөлек, жасанды интеллекткі негізделген жүйелерді пайдалана отырып, күмәнді қаржылық белсенділікті автоматты түрде анықтайтын алгоритмдерді әзірлеу маңызды. Бұл жүйелер азаматтар тарапынан көп шағым түскен сайттар мен платформаларды анықтап, оларды құқық қорғау органдарына бағыттауға мүмкіндік береді.

Қаржы пирамидаларымен күресте Ішкі істер министрлігі, Қаржылық мониторинг агенттігі, Ұлттық банк, әділет және салық органдары арасында жедел және ашық ақпарат алмасу механизмін қалыптастыру қажет. Бұл әрекет күмәнді жобаларды ерте сатыда анықтап, тез әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қаржы пирамидаларымен күрес тек құқық қорғау органдарының күшімен ғана емес, бүкіл қоғамның, соның ішінде мемлекеттік органдардың, қаржы ұйымдарының, БАҚ-тың және азаматтардың бірлескен күш-жігерімен жүзеге асырылуы тиіс. Қауіптің алдын алудың ең тиімді жолы – оған жол бермеу. Ал бұл үшін жоғарыда аталған ұсыныстар жүйелі түрде іске асырылуы қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған зерттеу жұмысында ішкі істер органдарының қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылдағы рөлі жан-жақты талданып, отандық заңнамалық реттеудің тиімділігі мен қазіргі таңдағы кемшіліктері нақты мысалдармен сипатталды. Қаржы пирамидаларының заманауи түрлері мен олардың сыртқы белгілері жүйеленіп, құқық қорғау органдарына тиімді мониторинг пен профилактикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу барысында ішкі істер органдарының аталған құқық бұзушылық түрлеріне қарсы іс-қимылындағы құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері қарастырылды. Қолданыстағы отандық заңнаманың осы салада белгілі бір деңгейде құқықтық негіз қалыптастырғанына қарамастан, оның тәжірибелік іске асуында бірқатар олқылықтар бар екендігі анықталды. Бұл олқылықтар құқық бұзушылықтың алдын алу, оны анықтау, дәлелдеу және тиісті жауаптылыққа тарту мәселелерінде көрініс табады.

Атап айтқанда, цифрлық кеңістікте әрекет ететін қаржы пирамидалары – құқық қорғау органдары үшін ең күрделі нысандардың бірі. Олар көбіне интернет, әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы әрекет етіп, дәстүрлі құқық қорғау әдістерін айналып өтуге тырысады. Осы ретте, құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын күшейту, арнайы мамандандырылған бөлімшелер құру, цифрлық іздерді тану мен өңдеуге қабілетті кадрларды дайындау маңызды мәселе ретінде көтерілді.

Зерттеу барысында қаржы пирамидаларының 9 нақты белгісі мен олардың 4 негізгі түрі анықталды. Бұл құрылымдар – алдамшы жобалар, псевдоинвестициялық компаниялар, стихиялық (өздігінен пайда болатын) пирамидалар және криптовалютаға негізделген биржалық пирамида түріндегі алаяқтық құрылымдар. Аталған типология құқық қорғау саласында тәжірибелік қолданысқа енгізілуі арқылы тергеу және алдын алу жұмыстарының сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, халықтың қаржылық сауаттылығы мен әлеуметтік жағдайының төмендігі, ақпараттық қауіпсіздік бойынша профилактикалық жұмыстың жеткіліксіздігі сынды факторлар азаматтарды осындай қылмыстық схемалардың құрбанына айналдырып отырғаны айқындалды. Осыған байланысты ішкі істер органдары тарапынан халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, оқу құралдарын тарату, БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы құқықтық мәдениетті қалыптастыру ұсынылады.

Бүгінгі таңда құқық қорғау саласының цифрлық кеңістікпен күресу мүмкіндіктері шектеулі екенін мойындау қажет. Сондықтан жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін мониторингтік жүйелерді енгізу – заман талабы. Мұндай жүйе қаржы пирамидаларының сыртқы белгілерін автоматты түрде тануға, қауіп факторлары жоғары онлайн-платформаларды анықтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл тек ішкі істер органдарына емес, басқа да мүдделі мемлекеттік құрылымдарға (Қаржы мониторингі агенттігі, Бас прокуратура, Ұлттық банк) кешенді түрде әрекет етуге жол ашады.

Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеу аясында қойылған мақсат пен міндеттер толық көлемде орындалды. Ішкі істер органдарының қаржы пирамидаларына қарсы күрестегі қызметі талданып, құқықтық реттеудің қазіргі жағдайы мен оны жетілдіру жолдары ұсынылды. Талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға, елдегі қаржылық қауіпсіздік пен азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін күшейтуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері теориялық маңыздылықпен қатар, тәжірибелік тұрғыда да құнды. Ол ішкі істер органдарының қызметін жетілдіруге,

заңнамалық базаны толықтыруға және қаржылық пирамидамен күресте жаңа технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Белицкий В.Ю. Криминалистические аспекты предварительного расследования и судебного разбирательства мошенничеств, совершенных по принципу «Финансовых пирамид»: специальность 12 00 09 «уголовный процесс, криминалистика и судебная экспертиза, оперативно-розыскная деятельность»: Автореферат на соискание кандидата технических наук / Белицкий В.Ю.; «Барнаульский юридический институт Министерства внутренних дел Российской Федерации» на кафедре уголовного процесса. — Томск, 2008. — 23 с.
2. Marketing from Pyramid Schemes, *Journal of Public Policy & Marketing*, No 1, Vol 21, 2002. Winters, S. A.: The Law of Ponzi Payouts, *Michigan Law Review*, No 1, Vol 111, 2012.
3. А.А. Афанасьева Особенности собирания доказательств при расследовании преступной деятельности субъектов финансового рынка, имеющей признаки «финансовых пирамид» [Учебное пособие] / А. А.

Афанасьева — ISBN 978-5-7247-1180-7. — Уфа: Уфимский ЮИ МВД России, 2024 — 48 с.

4. Петренко, Д. И., Филоненко, М. М., Попова, С. В. Участие населения в финансовых пирамидах как показатель недостаточного уровня финансовой грамотности / Д. И. Петренко, М. М. Филоненко, С. В. Попова // Тенденции развития науки и образования. — 2022. — № 82-3. — С. 85-88.

5. Старокожева А.В. Финансовые пирамиды – перспективное будущее или результат финансовой безграмотности населения // Молодежь и научно-технический прогресс: Сборник докладов XIV международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых (08–09 апреля 2021 года). Губкин-Старый Оскол: Общество с ограниченной ответственностью «Ассистент плюс», 2021. С. 229-232.

6. Ľubomír Čunderlík Financial Law Review / Čunderlík Ľubomír // Fraudulent Schemes in Financial Market. — 2021. — № 21 (1). — С. 16-30.

7. Н. Мусакулов Финансовые пирамиды - это результат финансовой безграмотности граждан / Н. Мусакулов // Вестник Жалал-Абадского государственного университета. — 2020 . — № 1 (44). — С. 69-75.

8. Лю-ку-тан Е.В., Калуцкая Н.А. Финансовые пирамиды как основная проблема финансовой грамотности населения / Лю-ку-тан Е.В., Калуцкая Н.А. // Академическая публицистика. — 2022 . — № 12-2 . — С. 271-276.

9. Г. Кайырбекова Обстоятельства, подлежащие доказыванию по делам о финансовых пирамидах : специальность 7М12301 «Правоохранительная деятельность» : Диссертация на соискание магистра национальной безопасности и военного дела / Г. Кайырбекова ; Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан . — Косшы, 2022. — 74 с.

10. Авагян, А. А. Проблема финансовых пирамид и современных способов мошенничества на финансовых и криптовалютных рынках / А. А. Авагян, М. А. Мирзоян, Н. А. Кабанова // Вестник евразийской науки. — 2024. — Т. 16. — № 4. — URL: <https://esj.today/PDF/05FAVN424.pdf>

11. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы. / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271> (жүгінген күні: 10.10.2024).

12. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380> (жүгінген күні: 10.10.2024).

13. Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1095 бұйрығына / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030093> (жүгінген күні: 11.11.2024).

14. Ә.М. Әлібекова Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау үшін жауаптылық туралы заңнаманы жетілдірудің кейбір аспектілері / Ә.М. Әлібекова // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. — 2023. — № № 4 (30). — С. 1-9.

15. Жарнама туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 508 Заңы / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508> (жүгінген күні: 12.11.2025).

16. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000166#z33> (жүгінген күні: 25.11.2025).

17. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. / [Электрондық ресурс] // adilet.zan.kz : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (жүгінген күні: 10.12.2025).

18. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылғы 3 шілде № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 12.12.2025).

19. Положение от 13 апреля 2018 г. № 646-П «О порядке размещения (публикации) информации о деятельности по привлечению денежных средств физических и (или) юридических лиц» // Официальный интернет-портал правовой информации. — URL: <http://publication.pravo.gov.ru/Document/View/0001201804300032> (дата обращения: 17.05.2025).

20. Федеральный закон от 7 августа 2001 г. № 115-ФЗ «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путём, и финансированию терроризма» // Собрание законодательства Российской Федерации. — 2001. — № 33 (ч. I). — Ст. 3418. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_33155/ (дата обращения: 17.05.2025).

21. Федеральный закон от 13 марта 2006 г. № 38-ФЗ «О рекламе» // Собрание законодательства Российской Федерации. — 2006. — № 12. — Ст. 1232. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_58968/ (дата обращения: 17.05.2025).

22. Положение Банка России от 18 июля 2014 г. № 375-П «О требованиях к правилам внутреннего контроля кредитной организации в целях противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» // Вестник Банка России. — 2014. — №

73. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_167209/ (дата обращения: 17.05.2025).

23. Уголовный кодекс Российской Федерации (принят Государственной Думой 24 мая 1996 г., редакция от 07.05.2019) // Собрание законодательства Российской Федерации. — 1996. — № 25. — Ст. 2954. — Статьи 159, 172. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/ (дата обращения: 17.05.2025).

24. Закон Российской Федерации «О защите прав потребителей» № 2300-1 от 07.02.1992 // Собрание законодательства Российской Федерации. — 1992. — № 7. — Ст. 49. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_305/ (дата обращения: 17.05.2025).

25. Кодекс Российской Федерации об административных правонарушениях (КоАП РФ) от 30.12.2001 № 195-ФЗ // Собрание законодательства Российской Федерации. — 2002. — № 1. — Ст. 1. — URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34661/ (дата обращения: 17.05.2025).

26. Уголовный кодекс Китайской Народной Республики = Criminal Law of the People's Republic of China : офиц. пер. на рус. яз. с англ. ред. от 14 марта 1997 г. (в ред. изменений и дополнений) / пер. с англ. под ред. А. И. Чучаева. — М. : Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ, 2020. — 198 с. — URL: https://crimescience.ru/wp-content/uploads/2020/05/УК-Китайя_PDF.pdf (дата обращения: 17.05.2025).

27. Civil Code of the People's Republic of China: adopted May 28, 2020 // National People's Congress. — URL: <http://en.npc.gov.cn.cdurl.cn/pdf/civilcodeofthepeoplesrepublicofchina.pdf> (дата обращения: 17.05.2025).

28. People's Bank of China (Народный банк Китая). Regulatory Framework and Guidelines on Financial Supervision [Регламент и руководство по финансовому надзору]. — Официальный сайт Народного банка Китая. — URL: <http://www.pbc.gov.cn/english/> (дата обращения: 17.05.2025).

29. Zhonghua Renmin Gongheguo guanggaofa [Закон Китайской Народной Республики «О рекламе» (广告法)]. Принят Постоянным комитетом Всекитайского собрания народных представителей 27 октября 1994 г., с изменениями от 29 апреля 2021 г. — URL: <http://www.npc.gov.cn/englishnpc/c23934/202112/94b7bc0b933f44b28b8592b7722dc7e5.shtml> (дата обращения: 18.05.2025).

30. Kreditwesengesetz (KWG) от 1 января 1998 г. — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/kreditwg/_32.html (дата обращения: 17.05.2025).

31. FATF. Mutual Evaluation Report: Germany. 2022. — URL: <https://www.fatf-gafi.org/en/publications/Mutualevaluations/Mutualevaluationofgermany.html> (дата обращения: 17.05.2025).
32. Bundesministerium der Finanzen. Stepping up the fight against financial crime. — URL: [https://www.bundesfinanzministerium.de/Content/EN/Standardartikel/Topics/Financial markets/Financial-Crime/fight-against-financial-crime.html](https://www.bundesfinanzministerium.de/Content/EN/Standardartikel/Topics/Financial%20markets/Financial-Crime/fight-against-financial-crime.html) (дата обращения: 17.05.2025).
33. Strafgesetzbuch (StGB). § 263. Betrug // Gesetze im Internet. — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/stgb/_263.html (дата обращения: 17.05.2025).
34. U.S. Department of the Treasury. Treasury Launches Corporate Transparency Act Implementation. 2023. — URL: <https://home.treasury.gov/news/press-releases/jy2097> (дата обращения: 17.05.2025).
35. Financial Crime Academy. FinCEN and Its Role in Financial Crime Prevention. 2023. — URL: <https://financialcrimeacademy.org/financial-crimes-enforcement-network-fincen/> (дата обращения: 17.05.2025).
36. U.S. Department of Justice. National Elder Fraud Hotline. 2022. — URL: <https://www.justice.gov/elderjustice/find-help-or-report-abuse> (дата обращения: 17.05.2025).
37. Bosley, Stacie T.; Bellemare, Marc F.; York, Nicholas. Decision-making and deception in pyramid schemes: Evidence from a framed field experiment. 2018. — URL: <https://marcfbellemare.com/wordpress/> (дата обращения: 17.05.2025).
38. Bosley, S. A., Knorr, M. R. Pyramids, Ponzi and fraud prevention: lessons from a case study // Journal of Financial Crime. — 2018. — Vol. 25, No. 1. — P. 132–144. — DOI: <https://doi.org/10.1108/jfc-10-2016-0062>. — URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/jfc-10-2016-0062/full/html> (дата обращения: 17.05.2025).
39. Ли О.Е. Современные финансовые пирамиды: понятие, особенности, меры борьбы // Новая экономика, бизнес и общество: сб. материалов Апрельской науч.-практ. конф. молодых учёных / отв. ред. М.В. Холоша. — 2019. — С. 892–898.
40. Financial Action Task Force (FATF). The FATF Recommendations: International Standards on Combating Money Laundering and the Financing of Terrorism & Proliferation. — Paris: FATF, 2023. — URL: <https://www.fatf-gafi.org/en/publications/Fatfrecommendations/Fatf-recommendations.html> (дата обращения: 18.05.2025).
41. International Organization of Securities Commissions (IOSCO). Objectives and Principles of Securities Regulation. — IOSCO, 2022. — URL: <https://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD561.pdf> (дата обращения: 18.05.2025).

42. Egmont Group. About the Egmont Group. — URL: <https://egmontgroup.org/en/content/about> (дата обращения: 18.05.2025).
43. Europol. Tackling financial and economic crime. — URL: <https://www.europol.europa.eu/crime-areas-and-statistics/crime-areas/financial-and-economic-crime> (дата обращения: 18.05.2025).
44. OECD. Financial Consumer Protection and Innovation in the Digital Age. — Paris: OECD Publishing, 2022. — URL: <https://www.oecd.org/finance/financial-consumer-protection.htm> (дата обращения: 18.05.2025).
45. Бас прокуратураның баспасөз қызметі Алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл туралы / Бас прокуратураның баспасөз қызметі [Электрондық ресурс] // www.gov.kz : [сайт]. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/press/news/details/496010?lang=kk&ysclid=maqm45rnx139432674> (жүгінген күні: 20.01.2025).
46. Калуцкая Н.А., Лю-Ку-Тан Е.В. Финансовые пирамиды как основная проблема финансовой грамотности населения / Н.А. Калуцкая, Е.В. Лю-Ку-Тан // Академическая публицистика. — 2022. — № 12-2. — С. 271-276.
47. Варакса Н.Г., Бехбудова Ф.Ф. Финансовые пирамиды как угроза финансовой безопасности граждан / Варакса Н.Г., Бехбудова Ф.Ф. // Тренды и перспективы цифровой экономики: финансовые технологии и безопасность Материалы II Всероссийской научно-практической конференции. Орёл, 2023. — Орёл: Орловский государственный университет им. И.С. Тургенева, 2023. — С. 177-185.